

2022 жылдың тамыз айының 3-ші онкүндігіне

қысқаша агрометеорологиялық шолу

Тамыздың екінші онкүндігінде еліміздің солтүстік жартысында жаздық дәнді дақылдардың толық пісуіне және егін жинау науқанының басталуына көбінесе қанағаттанарлық жағдай болған. Ақтөбе және Павлодар облыстарынан басқа аймақтардың бақылау учаскелерінде жаздық дәнді дақылдардың өнімін іріктеп жинауға кіріскен. Жауған жауын-шашын әсіресе (нормадан жоғары), Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында егін жинау жұмыстарының басталуына, ал ауа температурасының төмендеуі астық сапасына біршама әсер еткен.

Республиканың солтүстік жартысында дәнді дақылдар егістіктері көбінесе «уызданып пісу» - «толық пісу», Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарының жеке учаскелерінде –«масақтану» және «гүлдену» даму фазалары байқалған. Егістердің жағдайы көбінесе жақсы, нашар егістіктерде кездесетін Павлодар облысының жеке учаскелерінде қанағаттанарлық.

Оңтүстік облыстарда Алматы облысының тау бөктеріндегі аудандарын қоспағанда, жаздық дәнді дақылдарды жинау жұмыстары аяқталған.

Еліміздің оңтүстігінің және оңтүстік-шығысының жылу сүйгіш дақылдарының (жүгері, күріш, мақта, қант қызылшасы, соя) жағдайы өте жақсы және жақсы, вегетациялық суару жұмыстары жалғасуда.

Алматы, Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Қарағанды облыстарының картоп отырғызылған учаскелерінде «гүлденудің соңы» -«пәлектердің солуы» фазалары байқалған, өсімдіктердің жағдайы тегіс өте жақсы және жақсы, Павлодар облысының жеке учаскелерінде қанағаттанарлық.

Алматы облысында жеміс дақылдарында (алма, алмұрт) «қалыптасу» – «жемістердің пісу» фазалары байқалған. Жаркент және Талдықорған станцияларының маңайындағы бақшалардағы алма ағашының жағдайы қанағаттанарлық, қалған учаскелерде жақсы. Есік станциясының маңайындағы алма бақтарында вегетациялық суару және пестицидтермен өңдеу жалғасуда, Каменское плато станциясының маңайындағы бақтарда таңқурай жинау жалғасуда.

Оңтүстік аймақтарда ауа-райы көбінесе жоңышқа шөптерінің 2 және 3-ші шабуынан кейін қайта өсуі үшін қолайлы болған.

Өткен онкүндікте мал жаю жайылымы барлық жерде жүргізілген. Шөптерді жинау, жеткізу және маялау жалғасуда, Атырау облысының Құрманғазы ауданында қой қыркуға кіріскен.

Жайылымдық мал шаруашылығының басым аймағында шөптің жақсы болуы, Алматы облысының Жамбыл ауданында шөптің нашар болуы байқалған.

Жайылымдар орташа және әлсіз тапталған. Қарағанды облысының Шет ауданындағы жайылымдар малмен тапталмаған. Алматы облысының Жамбыл ауданында, Жамбыл облысының Талас ауданында, Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында жайылымдық жерлер қатты тапталған.

Шымның жағдайы көбінесе құрғақ, кейбір жерлерде дымқыл.

Топырақтың метрлік қабатындағы өнімді ылғал қоры Жамбыл облыстарында қанағаттанарлықтан оңтайлыға дейін, Батыс Қазақстан, Ақмола, Қарағанды Түркістан және Алматы облыстарында жеткіліксізден оңтайлыға дейін, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстарында жеткіліксізден

қанағаттанарлыққа дейін және республиканың қалған аймағында жеткіліксіз болып қалыптасқан.